



# Ақмешіт

3 маусым  
сенбі

№44 (1951)

2023 жыл

## апталығы



Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshtit.kz@mail.ru

Балалар үшін ең әдемі сәт жазғы демалыс та келіп жетті. «Жазжайнатып, күн күлдіріп» лагерге асығатын балалар биыл қайда демалады? Балалардың жазғы демалысына қаншалықты мән беріп жүрміз? Бұл мәселе Үкімет деңгейінде қаралды. Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында балалардың демалысын сапалы ұйымдастыру үлкен жауапкершілік екені айтылды.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың хабарлауынша, биыл жазғы демалыспен және сауықтыру шараларымен 1-10 сынып оқушыларының 85%-дан астамы, яғни әлеуметтік осал санаттағы 500 мыңға жуық баланы қоса алғанда, шамамен 2,8 млн бала қамтылады деп жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта жазғы лагерлерде алдағы маусымға дайындық бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Жалпы 218 қала сыртындағы және 10 мыңнан астам мектеп жанындағы бейінді және шатыр лагері дайын.

Мәдениет және спорт министрі Асхат Ораловтың айтуынша, жазғы демалыс аясында балалар үшін мәдениет саласы бойынша 500-ден астам, спорт және туризм саласы бойынша 300-ден астам іс-шара ұйымдастырылмақ. Атап айтқанда, бұл – мұражайлар мен киелі орындарға тегін экскурсиялар, кітапханаларды аралатып, спектакль көрсету, түрлі фестивальдар мен байқаулар ұйымдастыру.

Бұдан басқа республиканың барлық өңірінде балаларға бағытталған туристік өнімдер желісі кеңейтілмек. Сонымен қатар «Kids Go Free» отбасылық туризм бағдарламасын іске асыру жалғасуда, туристік пакет ішінде балалардың ұшақ билеттерінің бағасы субсидияланады. Бірінші жылдың қорытындысы бойынша бұл қызметті 1,5 млн бала пайдаланып, 700-ге жуық отбасы 70 млн теңге үнемдеген. Биыл 2 мыңнан астам бала осы бағдарламаны тиімді пайдаланады деп жоспарланған.

Премьер-Министр елімізде инфрақұрылымды дамыту, білім сапасын көтеру, тәрбие жұмысын күшейту, балаларды қосымша біліммен қамту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап айтты.

– Кезекті оқу жылы аяқталып, балалар жазғы демалысқа шығады. Оны пайдалы әрі қызықты өткізгісі келеді. Сондықтан біз бала денсаулығын нығайтуға, білімдерін толықтырып, жақсы демалуына жағдай жасауымыз керек, – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, балалардың спорт секцияларына және шығармашылық үйірмелерге тегін баруына мүмкіндік жасау үшін жергілікті бюджеттен 93 млрд теңге бөлінді. Оқушыларға арналған 50 сауықтыру лагерін, 100 инновациялық шығармашылық орталығын салу бойынша жұмыстар басталып кетті. Бұл нысандардың құрылысы 2026 жылы аяқталуы тиіс.

Сондай-ақ Үкімет басшысы өңірлерде балалардың жазғы демалысы мен бос уақыттарын тиімді өткізу ісі көп жағдайда формалды түрде ұйымдастырылатынын сынға алды.

– Әсерлі, мағыналы іс-шаралар аз. Қобіне сапасы сын көтермейді. Ауыл балаларына да қажетті деңгейде көңіл бөлінбейді, – деді Әлихан Смайылов.

Сондай-ақ балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру кезінде көптеген маңызды мәселелерді ескеру қажеттігін айтты. Әсіресе, балаларға арналған бұқаралық іс-шаралар, соның ішінде қорытынды емтихандар бекітілген кестеге сәйкес сапалы өтуі тиіс.

– Жазғы демалыста балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы керек. Ішкі істер, Төтенше жағдайлар, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау министрліктері, өңір әкімдері тиісті қауіптердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуі қажет, – деді Үкімет басшысы.

Осы орайда әкімдер жаз айларында оқу орындарындағы қауіпсіздік жүйелерін жаңғыртып, жабдықтау жұмыстарын күшейтуі тиіс.

Премьер-Министр өңір әкімдеріне әлеуметтік осал топтағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастырып, оларды сауықтыру шараларымен барынша қамтуды тапсырды.

– Ауыл балаларының бос уақытын тиімді өткізу ерекше назарда болуы керек. Олар үшін спорт алаңдары мен даму орталықтарын жабдықтап, ойын-сауық, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру қажет, – деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Үкімет басшысы шалғай елді мекендерде балалардың денсаулығына скрининг жасау, стоматологиялық тексеру жүргізу үшін жылжымалы медициналық пункттердің жұмысын ұйымдастыру керектігін айтты. Одан бөлек қоғамдық орындарда балалардың тамақтану сапасын бақылау, тамақтану және ойын-сауық орталықтарындағы санитариялық жағдайды қамтамасыз ету маңызды екені айтылды.

Сондай-ақ ішкі туризмді дамыту шеңберінде экскурсиялық-танымдық іс-шараларды ұйымдастырып, балалардың табиғат аясына саяхаттарын көбейтіп, каникул кезінде оқушылардың музейлерге, театрларға, қорықтарға, ұлттық парктар мен спорттық нысандарға тегін баруды қамтамасыз етуді тапсырды.

Өңірде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы жиын облыс әкімдігінде де өтіп, жазғы демалысты сапалы ұйымдастыру жайын талқылады.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Балалар қайда демалады немесе жазғы демалыстың жауапкершілігі

### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## КӨРКЕЙЕ БЕР, ҚЫЗЫЛОРДА!

Сырдың бас шаһарында жаз бойы құрылыс қыза түспек. Бүгінде қаланың әр бұрышында қарбалас тіршілік. Сол жағалауда күн сайын биіктей түскен жаңа нысандар менімдалады. Қала орталығындағы ескі үйлер жанарған кейіпке еніп, қала көркін аша түссе, Бейбарыс Сұлтан көшесінде Өнер орталығының құрылысы, көшені жаңғырту жұмыстары, Ғ.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің қиылысында теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі және тағы басқа санай бастасак таусылмайтын жаңа жобалар аз емес.

### ҚҰРЫЛЫСТЫҢ САНЫ ЕМЕС, САПАСЫ МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралап, көркейту және абаттандыру жұмыстарымен танысты.

Алдымен аймақ басшысы «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалы құрылысы барысын көрді. Жоба демеушісі – «Болат Өтемұратов» жеке қоры нысанды келесі жылдың мамыр айында аяқтауды жоспарлауда. Құрылыстың жалпы құны 15 млрд теңгені құрайды, тапсырыс беруші және мердігер мекеме – «Accent Development Solutions» ЖШС.

Әрі қарай облыс әкімі Сұлтан Бейбарыс көшесін жөндеу жұмыстарымен танысты. Облыс орталығын көркейту үшін тұрғындардың сұранысы бойынша Сұлтан Бейбарыс көшесінің 1 шақырым бөлігі қайта жаңғыртылып, абаттандырылды. Мердігер мекеме көшені 6 жолақты етіп кеңейтіп, субұрқақтарды орнатты. Құрылыс жұмыстары жылдың аяғына дейін жүзеге асырылмақ.

2 бетте



## ЕГІНЖАЙДА ЕҢБЕК ҚЫЗУ

Дикан қауымының астық дақылдарының көтеріліп, дән толтыру үшін нағыз ылғал тілейтін шағы – шілде айы. Еңбек етпей, жетістікте жету мүмкін емес. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен, Қосшынырау ауылдық округіне қарасты Абай ауылындағы «Ақжол» шаруа қожалығында баспасөз туры өтті. Өзім тәжірибеден өтуші болсам да арнайы сұранып барған едім. Жаныма басқа редакциялардың тілшілері бар. Күн сәске болғанымен шақырайып тұр. Балкім, қайнар күннің ыстығы шығар, шыдатар емес. Бізді өндіріс бригадирі Жетпісбай Ерденев күтіп алды. Былтыр «Ақжол» шаруа қожалығының дикандары су тапшылығына қарамастан әр гектардан 60 центнерден жоғары өнім алған. Өңірлік коммуникациялар қызметінің мәліметінше, облыс бойынша барлығы 195,6 мың гектарға егін егу жоспарланған. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 83,9 мың гектарды құрайды. Өткен жылға қарағанда дән егу көлемі 7 мың гектарға артқан. Дикандар өткен жылы күз айларында 4,8 мың гектар күздік бидай егуді және 41,2 мың гектар сүдгігер жыртыуды қамтамасыз еткен. Биыл көктемде 250 гектарға дейін егін еккен.

1997 жылдан бері егін шаруашылығымен айналысатын «Ақжол» шаруа қожалығында бүгінде 15 адам еңбек етеді. Өндіріс бригадирі Жетпісбай Ерденевтің айтуынша, биыл су тапшылығына байланысты егіс көлемі азайған. Егін егуге қажетті техникалар толық қамтамасыз етілген. Жерді тыңайту үшін 3 жыл күріш, 3 жыл жонышқа егеді. Күрішті бастыру үшін судың көлемі көп болуы қажет. Дикандар жерді «MARA» лазерлі құрылғысымен тегістеген. Жалпы жерді тегістеу суды үнемдеуге септігін тигізеді.

Күн сәскеден ауғанда егінжайға барған біз күн жысына батар тұста қайтуға ынғайландық. Ал дикандар күнделікті қауырты тірлігіне кірісіп, жұмыстарын жалғастырып жатыр. Іштей «Өнімдеріңіз мол болсын», – деген тілек айтып, қалаға қарай бет бұрдық.

Айгерім ӨТЕП,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
1-курс студенті

4 бетте

СПОРТТАҒЫ  
ҚАЗАК  
ҚЫЗДАРЫ



ААТЫН БЕСІК

## Ескі де жаңа ТАСБӨГЕТ

3 бетте

# КӨРКЕЙЕ БЕР, ҚЫЗЫЛОРДА!



Мұнан әрі Нұрлыбек Машбекұлы «Неке сарайының» құрылысы аяқталды. Жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын ауқымды жоба 2022 жылдың қыркүйек айында басталған. Быыл тамыз айында пайдалануға беріледі.

Аймақ басшысы «Сырдария» шағын ауданындағы №1,2 үйлердің қасбеттерін заманауи панельмен қаптау жұмыстарын көрді. Еске салсақ, биыл облыс әкімінің бастамасымен аймақтың ірі кәсіпкерлері бірқатар көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттерін абаттандыруға қаражат бөлді. Нәтижесінде қаланың орталық көшелері ажарланып, көркейе түспек.

Нұрлыбек Нәлібаев бірінші кезекте атқарылатын жұмыстардың сапасына назар аударуды тапсырды.

Ең бірінші кезекте жұмыс сапасына мән беру керек. Мейлі, ол ғимарат құрылысы, жол құрылысы болсын, су немесе газ жүргізісін, ең бастысы – сапа. Сондықтан жұмыс барысын күнделікті бақылау керек. Жобаны мақұлдау сатысынан бастап толық аяқталғанға дейін жіті қадағалаңыздар, – деді аймақ басшысы.

Мұндай жұмыстар Абай даңғылы, Н.Назарбаев даңғылы мен Г.Мұратбаев көшесінің бойындағы көпқабатты үйлерде де қолға алынууда. Тұрғын үйлердің аулаларында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, балалар ойын алаңдары салынады.

Ал Г.Мұратбаев және Ясауи көшелерінің қиылысында теміржол арқылы өтетін жауу жүргіншілер көпірі салынады. Көпірдің ұзындығы 55 – метр. Нұрлыбек Машбекұлы әзірленген жобаның сапасына жоғары баға беріп, осы тұстағы көпір мәселесі өзекті екенін атап өтті. Бюджетті жоспарлау барысында алдымен халықтың көкейіндегі түйткілді мәселелерге басымдық берілетінін қаперге салды. Аталған жоба бюджет қаражатын және уақыт үнемдеу мақсатында демеушілердің қаржысы есебінен жасалды. Нұрлыбек Машбекұлы жобаны әзірлеген компания өкілдеріне алғысын айтты.

## Басы 1-бетте



«Жуық арада қаламыздағы басты көшелердің бірі Қожа Ахмет Ясауидің бір бөлігінде қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады. Қызылордада қызметке келгені ойда алып жүрген істің бірі – бюджетке салмақ салмай және қысқа мерзімде аталмыш көшенің жобасын жасау болатын. Жобалау металық құжаттамасы демеушілік қаражат есебінен тегін жасалды.

Бүгін облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлына жобаны таныстырдық. Негізгі мақсат – тұрғындарымыздың ыңғайлы өмір салтын дамытуды қолға алып, соған сай дүниелер салу.

Олардың қатарында жарықшамдар, балалар ойын алаңшасы, бастырылалар, субұрқақтар, спорт алаңы, жүгу жолы, жауу жүргіншілер көпірі, жауу жүргіншілер жолы мен веложол бар. Жалпы айтқанда, көшенің екі жиегінде желілік саябақ пайда болады. Сонымен қатар қаланың Бас жоспарына сәйкес екі жолақты жолды төрт жолақты ету жұмысы жүргізіледі. Бұйырса, құрылыс жұмыстары басталса, келер жылға өтпелі болуы ықтимал. Жоба аяқталып, халық игілігіне берілсе, қаламыздың көркін келтіріп қана қоймай, тұрғындарға да пайдалы болады деп сенеміз».

Бір сөзбен айтқанда, жолы кең, тұрғындар үшін саялы жолы бар Ясауи көшесінің жаңғыртылуы қала үшін де, қалалықтар үшін де маңызды.

## «ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ» ТОСЫН СЫЙЫ БАР

Құрылысы қыза түскен «Өнер орталығының» жұмыс барысын көруге облыс әкімінің орынбасары орынбасары Нұрлыбек Машбекұлы, облыс әкімінің аппараты басшысы Шахмардан Байманов, қала әкімі Асылбек Шәменов пен облыстық құрылыс, саулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ериан Тералиев құрылыс алаңына арнайы барды.

1000 келушіге арналған көпфункционалды орталықтың іргетасы былтыр тамыз айында қаланған. Нысан жыл соңында пайдалануға беріледі.

Құны 3,7 млрд теңгені құрайтын екі қабатты ғимаратта симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізуге ыңғайлы. Нысан құрылысын өңірге белгілі тәжірибелі құрылыс компаниясы «СМП Қызылорда» ЖШС мекемесі жүргізуде. Бүгінде құрылыс басында 100-ден аса құрылысшы жұмыс істеуде. Жыл аяғына қарай есігін айқара ашатын «Өнер орталығының» тосын сыйы да бар. Яғни Сыр өңірінде симфониялық оркестр құру жоспарлануда. Жаңа шығармашылық ұжымның алғашқы концерті осы жаңа орталықта көрерменге ұсынылмақ.



Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

## ҚАБЫЛДАУ

### ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ



Бейсенбі күні қала әкімі Асылбек Шәменов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Әкім қабылдауына келген жұртшылықтың негізінен жұмыссыздық, жеке кәсібін ашу, тұрғын үй, жер қезегі, соны-

мен қатар әлеуметтік көмек алу төңірегінде мәселелерін жеткізді.

Аталған жайттарға байланысты сала басыптарының талқылауымен заң аясында жауап берілді. Сол мезетте кей тұрғындардың мәселесі жедел шешім тапса, кейбірі уақытты қажет ететіндігі айтылды.

Айта кетер жайт, қала әкімінің қабылдауы жыл басынан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл халық пен билік арасындағы ашықтықты қалыптастырып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдауға жол ашады. Жыл басынан бері қала әкімінің қабылдауына келген 250-ге жуық азаматтың мәселесі қаралған.

«Ақмешіт-ақпарат»

## БРИФИНГ

### Кәсіпке қызығушылар көбейді

Биыл облысымызда кәсіпкерлер саны артқан. Сондай-ақ алдағы уақытта тізілімге енген кәсіпкерлерге қолдау болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Р.Сұлтангереев мәлімдеді.

Брифингте өткен жылдан бастап елімізде әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарының тізілімі жүргізіліп жатқанын, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы 1 маусымнан бастап осы тізілімге енгізу үшін кәсіпкерлерден құжаттар қабылдайтынын, тізілімге енген кәсіпкерлердің қаржылық, мүлктік, инфрақұрылымдық, институционалдық және ақпараттық қолдау, салықтық жеңілдіктер секілді мемлекеттік қолдау шараларын алуға мүмкіндігі барын хабарлады.

Биыл шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 125 мың адамға және экономикадағы үлесін 21,5 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде – несиелік портфельі 8,6 млрд теңгені құрайтын 168 жоба субсидияланды.

Бұл жобалар аймақ экономикасын дамытуда елеулі үлес қосарына сеніміміз мол. «Қармақшы құс» серіктестігінің қуаттылығы жылына 1500



тонна құс етін өндіруге қарқынды құс фабрикасы іске қосылмақ. «Айғасар» серіктестігі жылына 36 мың тонна бие сүтін өндірсе, «Қазақ қамел» зауыты 700 тонна түйе сүтін күрғақ ұнтақ өндірмек. Сондай-ақ «Арал кварц» зауыты 172,8 мың тонна күрғақ құрылыс қоспаларын өндіретін болады. Мұнан өзге шикізаттық емес экспорт көлемі 18,8%-ға өскен, – деді Ринат Қалдыбекұлы.

Өнеркәсіп саласының 70%-дан астамы тау-кен секторына тиесілі. Соңғы 8 жыл ішінде өңір үшін үлкен проблема мұнай өндіру көлемінің қысқаруы болып табылады.

Сауда саласында 2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында жалпы сауда көрсеткіші 204,1 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәуір-мамыр кезеңімен көрсеткіш 2,5%-ға өсті. Облыста 5 600 сауда орны бар және 28 базар тіркелген.

Туризм саласында келушілердің саны былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 6%-ға, туристерге көрсетілген қызмет көлемі – 14,2%-ға артқанын атап өтті.

Нұрай АРМАҢҚЫЗЫ,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
1-курс студенті

### 40 мың тұрғын табиғи отын игілігін көреді

Биыл облыста газдандыру деңгейін 72 пайызға жеткізу жоспарлануда. Соның аясында 11 елді мекеннің газдандыру жобасы толық аяқталып, 40 мыңға жуық тұрғын көгілдір отынның игілігін көрмек. Сондай-ақ өңірдегі жылу желілерін қайта жаңарту бойынша 8 жоба қарастырылып, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 10 әлеуметтік нысанның қазандықтары жөнделді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов айтты.

– Биыл облыста 26 газбен жабдықтау жобасы жүзеге асырылады. Бұл қаржыға былтыр басталған 6 жобаның жұмысы жалғасып, 20 жаңа жобаның құрылысы басталатын болады. Осылайша аймақтағы табиғи газбен қамтамасыз ету деңгейін 70 пайыздан 72 пайызға жеткізу жоспарлануда. Өздеріңізге мәлім, қаламызда құны 215 млрд теңгені құрайтын қуаттылығы 240 мегаватты жаңа жылу электр орталығы салынады. Қазіргі



таңда жаңа нысан аумағында жерді тегістеу, инженерлік-геодезиялық жұмыстар қарқынды жүргізілуде, – деді басқарма басшысы Руслан Аймырзаұлы.

Аймақты толық ауыз сумен қамтамасыз ету де күн тәртібіндегі мәселе. Бүгінде Қызылорда, Арал, Қазалы, Байқоңыр қалалары орталықтандырылған ауыз суға толық қосылған. Ал 230 елді мекеннің 98,1 пайызы таза ауыз сумен қамтылған. Қалған елді мекендерді таза сумен жабдықтау үшін «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламаларымен 23 жоба қолға алынады.

Басқарма басшысының айтуынша, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары басталды. Бұл бөлек, облыста күрделі жөнделуді қажет ететін 550 көпқабатты тұрғын үй бар. Биыл оның 18-не республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Әйгерім ӨТЕП,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
1-курс студенті

### АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Азат Түркістан» идеясының авторы, жерлесіміз, мемлекет қайраткері Серәлі Лапиннің туғанына 155 жыл толуына орай «Азаттық қозғалысының жалауы» атты тарихи-танымдық жиын өтті. Шараға философия ғылымдарының докторы Дәулет Омаров, филология ғылымдарының кандидаты, «Әлімсақ» журналының редакторы Нұрлан Көбегенұлы, саясаткер Сағат Жүсіп, өлкетанушы, Қазақстан халықаралық журналистер және жазушылар одағының мүшесі Жұмабай Әубәкір мен музей қызметкерлері қатысты.

Серәлі Лапин 1868 жылы Перовск уезі, Кентүп болысының 4-ші ауылында дүниеге келген. Ауыл молдасынан білім алып Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын, 1891 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітіреді. Ол Самарқан әскери губернаторының аудармашысы, Түркістан өлкесінде түрлі әкімшілік орындарда

қызмет ете жүріп, ел мүддесін қорғауды өзінің басты міндеті санайды. Жан-жақты білім иесі саулет өнері мен оның сырын зерттеумен жүйелі түрде айналысады. Ол 1889-1892 жылдары Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясында орыс оқушыларын жергілікті тілдерге жаттықтыратын репетитор, 1892 жылдан Самарқан облысы әскери губернаторы жанында аудармашы, 1901 жылдан үзілістермен 1917 жылға дейін Самарқан, Сырдария облыстарында адвокат болды. Осы жұмыстарды атқара жүріп Серәлі Мұнайтыпасұлы шығыстанушы, одан ағартушы және қоғам қайраткері ретіндегі өзіндік елеулі орны бар тұлға болып қалыптасты. Қызылордадағы №261 орта мектепке Серәлі Лапин есімі берілген.

Жиынға арнайы шақырылған қоғам қайраткері Серәлі Лапиннің бірегей тарихи тұлға С.Лапиннің саяси қызметі туралы баяндап, тың ақпараттармен бөлісті.

Венера НУРҒАЛИ,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
1-курс студенті

## Хабарландыру!

2023 жылдың 8 маусым күні сағат 10:00-12:00 аралығында Қызылорда қаласы әкімдігінің жанындағы «Азаматтарды қабылдау орталығында» тексеру комиссиясының мүшесі Ильясов Талғат Ибрагимұлы Қызылорда қаласы аумағындағы жеке және заңды тұлғалардың өкілдеріне жеке қабылдау өткізеді.



Қала іргесіндегі көнеңің көзіндей болған Тасбөгет кентін көрсек шежіре парақтарын ашып, өткен күндерге ойша шолу жасаймыз. Сондықтан кенттің тарихы жайлы бір-екі ауыз сөз қозғауды мақұл көрдік. Себебі кейлар бедеріндегі тарих өрнегін кейінгі ұрпаққа мұрағаттау, таныту – біздің борышымыз. Кезінде Бөгетімен, аудан орталығы болған айшықты жылдарымен есте қалатын кенттің кейінге мирас етер жыланасын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін.

Сыр өңірінің сән-салтанатын асырып, қолтығынан демеп тұрған Тасбөгеттің кезінде дәуірлеген атағы бүкіл одаққа жайыды.

Шындығында, алып платформа құрылысы облыстың ғана емес, бүкіл елдің ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етті. Су – тіршілік көзі, сондықтан бөгеттің іске қосылуы біздің аймақтың екінші тынысын ашты. Сол заманда бұл халыққа ауадай қажет алып құрылыстың бірі еді. Елдегі соғыстан соңғы ауыр жағдайға қарамастан, 1945 жылы платина салу қолға алынды. Экономикасы тұралаған аймақтың еңсесін көтеріп, егіс алақбын молайту үшін бөгет салу кезек күттірмейтін өзекті мәселе еді.



Тасбөгет атауы қалай берілді?

Дария жағасында осындай келешегі зор жұмыс жүріп жатқанда мұнда республика башысы Дінмұхамед Қонаев екі рет, ғылым академиясының башысы Шахмардан Есенов бір рет келді. Құрылысты салып жатқан жұмысшылардың әлеуметтік жағдайымен танысып, материалдық жәрдем көрсетті. Құрылыста істейтін жұмысшылар мен қызметкерлер саны көбейіп келе жатқанын және келешекте мұнда да көбею мүмкіндігі ескерілді. Осыған орай облыстың 1947 жылы 29 тамызда арнайы қарар қабылдап, республика жоғарғы кеңесіне «Қызылорда плотинастрой» қыстағынан қала тіпте жұмысшы поселкесін салуды, оны Тасбөгет деп атауды ұсынды. Жаңадан салынатын поселке Қызылорда қаласы кеңесіне қарасты болуын сұрады. Бұл ұсыныстар бірден мақұлданды. Тасбөгет кенесінің бірінші ұйымдастыру сессиясында кеңестің төрағалығына Тасмағамбет Батыршаев сайланды. Бұдан кейін қыстақтың кенес төрағалығы қызметін К.Байдәулетов, Ж.Тұрлы-мұратов, М.Ниязбаев, Е.Ертұғанов, Т.Оспанов, С.Мұқанов, Е.Алдаңғаров, Ғ.Пирманов атқарды. Су тоспасы жұмыстарын жүргізу үшін маман кадрлар даярлау қажет екені ескерілді. Құрылыс басталары соған орай ФЗО мектебін ұйымдастырып, оған қаладан және көрші ауылдардан жастарды тартты. Алғашқы кезде құрылысшылар жер кеспеді тұрды. Қыш құйдру қолға алынды. Балшық илеу, кесек құю, қышты құйдру қолмен жүргізілді. Бұл жұмысты белгілі шебер Әбілдә Сапарбаев басқарды. Кейін ол кісіге плотинаға сіңірген еңбегі ескеріліп, осы қоныстан көшпен аты берілді. Оның бригадасы жылнама 2 миһон қыш дайындады.

1946 жылы Үкімет тарапынан құрылысқа соғыс тұтқындарын пайдалануға рұқсат етті. Олар жұмыс істеген 1 жыл ішінде қам кесектен 10 барак, монша, асхана, қойма үйлері салынды. Тұтқындар негізінен жер жұмыстарын атқарды.

# Ескі де жаңа ТАСБӨГЕТ

Ел үшін өте маңызды саналған алып құрылыстан мемлекет қаржы мен материалды аямады. Құрылыс-монтаж жұмыстарында мынанан астам маман жұмысшы еңбек етті. Онда 120-дан астам түрлі маркалы автокөлік, оның 25-і МАЗ, әртүрлі маркалы 95-тен астам жер қазатын техника болды. 1956 жыл су тоспасын аяқтайтын шешуші кезең ретінде елдің есінде қалды. 23 маусымда плотинаның жаңа арнасына су жіберіле бастады. Енді ескі дарияны бөгеп, суды тоспа арқылы жіберу міндеті тұрды. Ол 31 шілдеде басталып, тамыздың 31-де аяқталды. Республика Жоғарғы кеңесі Президиумының 1958 жылғы 28 қаңтардағы жарлығымен Сырдария ауданының орталығы Тасбөгетке көшірілді. Аудандық партия комитеті, аутком осы күнгі Амангелді көшесіндегі ескі барактарға орналасты. 1962-1967 жылдарда аудан Терезөзектен біріктірілгенде Тасбөгеттің мәдени құрылысының өркендеуінде аздаған іркіліс болды. Аудан қайта бөлінгеннен кейін ол қала тіпте қонысқа айналды. Көшпелер асфальттанып, оңдалған жаңа тұрғын үй бой көтерді. Екі орта мектеп, мәдениет үйі, үш кино-театр аудандық партия комитеті мен аутком ғимараты, байланыс, тұрмыстық қызмет көрсету үйлері, орталық кітапхана, жылжымалы мекколлоннаның әкімшілік мекен-жайы, өзге де құрылыстар іске қосылды. 1996 жылы мұнда 3700 отбасы тұрды. Халық саны 17 мың болды. 1997 жылдан бері Тасбөгет қыстағы Қызылорда қаласының құрамына кірді. Қазіргі таңда кент округі құрамында Тасбөгет кенті, «Сабалақ» саяжайы және Иіркөл елді мекендері бар. 2003 жылғы 21 сәуірден «Тасбөгет кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі болып бекітілді.

## Жаңа дәуір өрнегі

Бүгінде Тасбөгет кентінің тыныс-тіршілігі, келбеті жаңа дәуір өрнегімен айшықталып, болашаққа байыпты қадам басып келеді. Жергілікті тұрғындар өз кәсіптерін нәсіп етіп, берекелі елдің ризығын тасытуда. Көшпелер көріктеніп, көлік тасымалы жолға қойылған. Кент жолдары кеңейді. Көшпелер самаладай жарық. Тіпті заманауи үлгідегі жаңа ғимараттар, тұрғын үйлер бой түзеп, кенттің сәнін кіргізуде.

Түтінді түзу ұшқан Тасбөгет кентінде Сабалақ саяжайы және Иіркөл елді мекенін қоса алған-

дағы халықтың саны 31299 адамды, отбасы саны 5191-ді құрап отыр.

Олардың басым бөлігінің әлеуметтік жағдайы жақсы. Ал көмекке мұқтаж жандарға мемлекет тарапынан, жеке кәсіпкерлер ықпалымен жәрдем беріліп тұрады. Тасбөгет кентінің әкімі Семсер Сыздықовтың айтуынша, 2022 жылы әлеуметтік аз қамтылған отбасылар үшін берілетін жаңа үлгідегі атаулы әлеуметтік көмек алуға барлығы 525 отбасы құжат тапсырып, 511 отбасындағы 2470 адамға тиісті көмек тағайындалды. 25 отбасы тұрақты түрде ыстық аспен қамтылды.

Кенттегі 147 адамға тұрғын үй көмегі берілді. Тасбөгет кенті бойынша жалпы мүгедектер саны – 949. Үйден арнаулы әлеуметтік қызмет алушы 45 бала және жалғызбалық 7 қарт бар. Оларға әлеуметтік қызметкерлер 8 қызмет түрін көрсетеді.

Қоғам кәсіпкерлікке бет бұрып, шағын және орта бизнес өркен жайған сәтте мұндағы тұрғындар жылдан-жылға өз ісін жүргізіп, қарқынды жобаларды қолға алды. Оның үстіне, қазір кәсіпкерлік саласындағы сауатты ақпараттан құлағдар кәсіп иелері өз мүмкіндігін пайдаланып, мемлекеттік бағдарламаның игілігін көруде. Тіпті кенттің өсіп-өркендеуіне, салық тайқазанының молаюына да сүбелі үлес қосуда. 2021 жылы кенттегі шағын және орта кәсіпкерлік 1253-ті құраса, оған 2022 жылы тағы 173 кәсіпкер қосылды.

Сонғы жылдары кентте кәсіпті дамыту бағытындағы мемлекеттік бағдарламаға қатысу қарқыны артып келеді. 2022 жылы да көптеген тұрғындарға бағдарламаның игілігін пайдаланып, кәсібін ашуға, кеңейтуге кенес берілді. Ұлттық жоба аясында 86 тұрғын өз жобасын қорғап, тиісті қаржыға қол жеткізді.

Осылайша мемлекеттік бағдарлама аясында субсидиялау бағыты бойынша 9 жоба қаржыландырылды.

– «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы Нәтижелі жұмыспен қамтуда жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Ескер» бағдарламасы бойынша 11 жоба қолдау алды. «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы 4 жоба қаржыландырылса, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Атаменен Қызылорда»

МҚҰ арқылы 1 жоба тиісті қаражатқа қол жеткізді.

Ұлттық жоба аясында қайтарымызсыз мемлекеттік грант бағыты бойынша – 60, сондай-ақ аталған бағдарлама аясында 1 жоба 5 млн-ға дейінгі мемлекеттік қайтарымсыз грант ұтып алды, – дейді кент әкімі.

2021 жылы Тасбөгет кентіне 2 млрд-қа жуық инвестиция тартылып, 140-қа жуық жұмыс орны ашылса, 2022 жылы 2,6 млрд тенгеден астам инвестиция тартылып, жаңадан 180 жұмыс орны ашылды және тұрақты жұмысқа орналасқан жергілікті тұрғындар саны 325-ке жетті.

Қызылорда қаласы бойынша кент және ауылдық округ әкімдерінің елді-мекендерде кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарған жұмысының қоғамдық рейтингісіне сәйкес, 2022 жылы Тасбөгет кенті әкімінің аппаратына «Инвестиция тартуға нәтижелі қаржы беру» бағыты бойынша ағымдағы табыстары алынды.

**Бау-бақша да бар мұнда**

Сондай-ақ бау-бақша дақылдарын егip, өнімділігін молайтуда да бірқатар алға жылжушылық байқалады. Мұнда өз ризығын Жер-анадан алатын дикандар 2022 жылы 340 гектар жерге егін егіп, мол өнім жинады.

Кент аумағында 2 кәсіпкер жалпы ауданы 1000 шаршы метр болатын жылыжай жұмысын жүргізіп, бақша өнімімен қамтамасыз етсе, Сабалақ саяжайында 2022 жылы тағы да 3 тұрғын өз ауданындағы 1000 шаршы метр жерге жылыжай салып, егіншілік кәсіппен айналысуда.

Күздің берекелі шағында мұның өзі молшылыққа жол ашады деген сөз.

Кенттегі жол мәселесінде де ілкімді істер бар. Күннен-күнге керегесі кеңіп келе жатқан Тасбөгеттің орталық көшелерінің көпшілігі жөндеуден өтіп келеді. Быыл 41 көшеге жөндеу жұмысын жүргізуге облыс және қала бюджетінен 833,7 млн тенге қаржы қаралып отыр. Соның ішінде, Тасбөгет кентіндегі С.Сейфуллин, Ә.Сапарбаев көшесіне асфальт, 21 көшенің белгіленген бөлігі мен Сабалақ саяжайының 18 көшесіне кырышқас тас төсеу жұмысы жүргізілуде. «Шауқаман бағы» аталып кеткен аумақты абаттандыруға қала бюджетінен қолма қол қаражат қаралды.

## Талант тұнған – Тасбөгет

Кенттің мәдени өмірінде көңіл қуантарлық салтанатты кеш, әсерлі кездесу, мерекелік мезеттер көп ұйымдастырылады. С.Майқанова мәдениет үйі – сол шараларды өткізетін қасиетті қара шаңырақ. Мәдениет үйінде 8 үйірме, 23 қызметкер халыққа қызмет көрсетіп келеді.

Мұнда өткен жылы 63 мәдени-көпшілік іс-шара өткізіліп, оған 14 660 көрермен қатысты.

2022 жылы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңінен бас жүлдені жеңіп алған тасбөгеттік Ермановтар әулеті облыстық кезеңге жолдама алып, өңір бойынша 1 орынды иеленді.

Кентте аталып өтетін мерекелік-көпшілік шарамен қатар, ерікті де белсенді азаматтардың бастамасымен қолға алынған «Талант тұнған Тасбөгет» атты жоба аясындағы концерттік бағдарлама дәстүрлі өнер кешіне айналды.

«Qosyly» қалалық жастар орталығының қолдауымен мәдениет үйінен жастардың аула клубы ашылды. Жастар үстел теннисі, шахмат, дөйбі және басқа да логикалық ойын ойнап, бос уақытын тиімді өткізуде. Кентте орналасқан №1,13 кітапхананың 120189 дана кітап қоры, 5350 тұрақты оқырманы бар, – дейді С. Майқанова атындағы мәдениет үйінің директоры Толқын Жаңахметова.

Кент аумағында жастарды өнерге баулу, шеберлікке үйрету мақсатында қосымша 3 өнер мектебі және үйірме ашылып, 400-ден астам балаларды тегін қабылдауда.

Білім саласы бойынша кенттегі мемлекеттік 5 мектепте және жекеменшік 2 мектепте барлығы 6166 оқушы білім алууда.

2021-2022 оқу жылында кент бойынша 234 оқушы мектеп түлегі атанып, 19 оқушы алтын белгі, 31 оқушы үздік аттестат иеленді.

217 бала ҰБТ-ға қатысып, олардың 157-сі грант иегері атанды. ҰБТ-ға қатысушылардың жалпы есебі бойынша орташа балы – 82,4.

Тасбөгет кентінің әкімі Семсер Сыздықовтың айтуынша, кенттің дамуына ірі кәсіпкерлер де өздерінің қомақты үлесін қосуда. Жыл басынан бері кент тайқазанына кәсіпкерлер тарапынан 2,6 млрд тенгеден астам инвестиция құйылған. Бүгінде 100 млн теңгеге саябақ жанынан биометриалық зертхана салынууда. 300 млн теңгеге кенттегі Е.Бозұлов көшесінің бойынан жаңа сауда кешені салынып жатыр. Ғимаратта шағын рынок, монша, көлік жауу орталығы, дәрханана және шаһтарас орналаспақ. Демек жаңа жұмыс көздері пайда болып, жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайының көтерілуіне септігін тигізеді.

– «Фирма «МТО-Центр» ЖШС жалпы құны 1 млрд теңгеге жуық қаржыға 5 қабатты 53 пәтерлі тұрғын үй құрылысын жүргізуде. Құрылыс жұмыстары 2023 жылы аяқталуды деп күтілуде. Мұның өзі баспанасы жоқ кент тұрғындары үшін ақжолтай қуаныш. Былтырғы жылы кәсіпкерлер демеушілігімен бірнеше нысан құрылысы жүргізіліп, 344 млн теңгенің жұмыстары атқарылған болатын, – дейді кент әкімі.

Мәселен, орталық саябақ жанынан шамамен 200 млн теңгеге көлемі иыш шаршы метрді құрайтын «Құдылс Иман» мейшілтің жаңа ғимараты салынууда. Кент аумағынан жаңадан салынатын денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына облыстық бюджеттен 542,1 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жалғасуда.

Иә, тарлан тарихы талай туындыға арқау болған, ақындар жырмен әспеттеген, жазушылар шығармаларында сомдаған шежірелі кенттің бүгінгі тыныс-тіршілігі көңілге қуаныш ұялатады. Бас шаһармен шектесіп жатқан Тасбөгет кентінің жұлдызы жарқырап, сөнбей салтанаты келіскен шұғылалы мекенге айналып тұр.

**Ғайуар ҚОЖАХМЕТОВА,  
Суреттегі түсірген  
Нұрболат НУРЖАУБАЙ**



**Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, 2023 жылғы II тоқсан бойынша Қызылорда қаласы әкімінің қала және қалаға қарасты кент, ауылдық округ тұрғындарымен кездесулерінің өткізу КЕСТЕСІ**

8.	Қызылорда ауылдық округі Қараөзек ауылы, Е.Дәуітбаев көшесі №2 мекенжайында орналасқан №39 мектептің маңы	2023 жылғы 20 маусым сағат 15:00
9.	Талсуат ауылдық округі Космонавт көшесі №10 мекенжайындағы «Заңғар» бөбекжай балабақшасының аумағы	2023 жылғы 20 маусым сағат 16:00

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1.	Белкөл кенті Зеленая көшесі №40 мекенжайындағы спорт кешенінің маңы	2023 жылғы 19 маусым сағат 9:00
2.	Тасбөгет кенті А.Иманов көшесі н/з мекенжайында орналасқан орталық алаңның маңы	2023 жылғы 19 маусым сағат 10:30
3.	Қызылжарма ауылдық округі №9 көшесі №32 мекенжайында орналасқан №144 мектептің маңы	2023 жылғы 19 маусым сағат 12:00
4.	Қосшыңырау ауылдық округі Абай елді мекеніндегі демалыс саябағы	2023 жылғы 19 маусым сағат 15:00
5.	Қарауылтөбе ауылдық округі А.Құнанбаев көшесі №27 мекенжайында салынып жатқан 150 орындық ауылдық клуб ғимаратының алды	2023 жылғы 19 маусым сағат 16:30
6.	Ақжарма ауылдық округі Баймұрат батыр ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі №35 мекенжайында орналасқан №218 мектептің маңы	2023 жылғы 20 маусым сағат 9:00
7.	Ақсуат ауылдық округі А.Найзағараев көшесі н/з мекенжайында салынып жатқан спорт кешенінің маңы	2023 жылғы 20 маусым сағат 11:00

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1.	Сәулет тұрғын ауданы №54 мекенжайындағы «Абай» атындағы мектебінің маңы	2023 жылғы 21 маусым сағат 10:00
2.	Ақмешіт мөлтек ауданындағы №18 көпқабатты тұрғын үйдің ауласы	2023 жылғы 21 маусым сағат 12:00
3.	КБИ тұрғын ауданы, Проект көшесі №38 мекенжайында орналасқан №197 мектептің ауласы	2023 жылғы 21 маусым сағат 16:00

**Халықпен кездесулер өткізілгеннен кейінгі жергілікті атқарушы органдардың, әлеуетті құрылымдардың/прокуратура, полиция/ басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен азаматтарды жеке қабылдауды өткізу кестесі**

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1	«Аманат» партиясы қалалық филиалы ғимараты	2023 жылғы 22 маусым сағат 9:00-13:00-ге дейін



**БАЙҚАҢДАРШЫ, АДАМДАР!**

Қыс бойы суықтан шаршаған жұрттың жазды асыға күтетіні рас. Қытымыр аяздан шуақты күнге жеткенше күн санап кететініміз бар. Әрине, бар қызық осы мезгілмен келеді емес пе?! Суға түсу маусымы да осы шақта басталады. Бұл – әсіресе балалар үшін нағыз қуанышты сәт.

**ҚАЛАЛЫҚТАР ЖАЗДА ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?**

Қала тұрғындары жаз маусымында ПМК-29, «Сабалак», «Эдельвейс», саяжайында орналасқан демалыс орындарына барады. Одан бөлек «Бөйтегүм», «Камбаш» көліне жол тартатындары да бар. Тұрғындар осы аталған саяжай аумағына жаз бойы кемі екі реттен баруы мүмкін. Ал соңғы екі көлге барып жазғы демалыстың нүктесін қояды.

**ЖАҒАЖАЙ КЕРЕК**

Жоғарыда айтылған аумақтың көбі «жабайы» жағажай саналады. Онда арнайы құтқару жабдықтары не құтқарушылар жоқ. Халықтың өзі белгілеп алған жағажай, канал, арық сынды орындар. Айтпақшы, «жабайы» жағажай дегенің де тегін дүние емес. Оған кіру үшін де ақы төлейсің. Бір өзен жағасы, канал, дегенге екінің бірі бара алады. Содан да болар, бұл жерге көпшілік отбасымен баруды әдетке айналдырған.

Уақытында «Эдельвейс» саяжайынан арнайы орын белгіленіп, тегін жағажай салынатыны айтылған еді. Кейін ол аумақтың санитарлық-тигениалық талапқа сай болмауына байланысты тұрғындар қауіпсіздігі үшін пайдалануға беруге мүмкіндік болмаған екен. Жалпы қала тұрғындарының жағажайға мұқтаж екенін аңғару қиын емес.

Жаз шықса суға түскіміз келетіні өтпекті емес. Әсіресе, балалармен үйде тыныштық таппаймыз. Басейнге барайық деп күнде айтқызып. Ана болғасын баланың өтінішін орындайың келеді. Бір-екі рет шымылуға апарасын. Бірақ одан артық баруға шамаң келе бермейді. Қымбатшылық қалтаға салмақ түсіреді. Бұрындыры резецке басейн сатып алып, сонымен балаларды қуанытқызып едік. Ол да ұзақ уақытқа шыдамайды. Үйіміздің жанында кішігірім канал бар. Бірақ оған түсуге болмайды, қауіпті деп күнде ескертеміз. Жанапаларыңмен небір жағдайды естігесін уайымдайсың. Балалардың өз бетінше үйден шығып кетпейін қарағалап отырамын. Қаламыздағы ашылып жатқан жағажайлар тегін қылмасқа да кіруақысын қарапайым халыққа қолайлы етсе жақсы болар еді. Әсіресе балаларымыз қуанып қалады. Осы өтінішімізді орындауға мүмкіндіктер бар деп ойлаймын. – дейді қала тұрғыны Ақмарал Молдахметова.

**АҚЫЛЫҢ АҚЫСЫ АРТЫҚ**

Қазіргі рұқсат етілген суға түсетін орындар саны жетерлік. Тек олардың дені жеке кәсіпкерлер меншігінде. Сырдария өзенінің маңын меншік иелері көсіп көзіне айналдырып жатыр. Бірақ онда қайта-қайта бара беруге

қарапайым халықтың шамасы жете бермейді. Жоғарыдағы тұрғын айттып өткендей қалтаға салмақ түсіреді.

Мәселен, қаламыздағы демалыс орнына бару үшін қалтаңда кемі 50 мың теңге болуы шарт. Себебі, кіру ақысынан бастап, жейтін асың мен ішетін суына дейін сол жерден сатып алуың қажет.

**«СУҒА ТҮСУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ»**

Адамдардың көбі осыған мән бере бермейді. Суға түсер алдын сол аумақтың оған рұқсат етілген не етілмеген аумақ екенін ескергені жөн. Бұл өз басыңның амандығы үшін маңызды. Алайда көпшілігіміз бұған баса қатыра қоймайтынымыз рас. Соның салдарынан оқыс оқиғалар болып жатыр. Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Жасұлан Түйеменовтің айтуынша, қалада 60 суға түсуге рұқсат етілмеген аумақ бар. Олардың барлығына «суға шымылуға тыйым салынады» деген жазуы бар тақтайшалар ілінген. Десе де оған назар аударып жатқан адам баласы жоқ. Еске сала кетсек, биыл суға түсу маусымы басталмай жатып бір жасөспірім тіліз жаудың құрбаны болды.

Жаз келген сайын ауқымды болатын мәселенің бірі – осы. Апап ыстықты бастан өткізетін сырбоздықтар үшін суыз күн кешу қиын. Шақшып қак төбеннен күн түскенде не істеріңді білемейсің...

Жақында қала әкімінің қатысуымен суға түсу маусымына дайындық бағысын пысықтау мақсатында жиын өткізілді. Онда қалалық төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Жасұлан Түйеменов суға түсу маусымына дайындық жұмыстары жөне қала бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында атқарылып жатқан шараларды баянлады. Сала басшысы су айдындарында, әсіресе, Сырдария өзенінде азаматтардың түрлі себептермен қайғылы жағдайларға ұшырап, оның ішінде суға түсу маусымында судың адам қазаның жиі орын алатындығын жеткізді. Басқарма басшысы айтқан мәліметке сүйенсек, өткен жылы 12 адам суға кеткен, оның алтауы балалар. Аталған жағдайлар Сырдария өзені, Сталин каналы, Қараөзек ауылы, «Абай» жағажайы, ПМК-29 саяжайындағы «Көксу» демалыс орнында орын алған. Бұл оқыс оқиғалардың барлығы тұрғындардың қауіпсіздік ережесін сақтамауынан болып отыр. Яғни ересек адамдардың мас күйінде және су айдынының жабдықталмаған жерінде суға шымылған. Суға адамдардың қаза болуының негізгі себебі – қауіпсіздік ережелерін ерекшелік бұзуы, – дейді басқарма басшысы.

Осы жағдайларға байланысты сала басшысы халық арасында және барлық мектептің оқушылары мен ата-аналарының «WhatsApp» желісі арқылы күнделікті түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Біз су қаншалықты тіршілік көзі болса, соншалықты тіліз жау екенін оқырманға жеткізуді жөн санаймыз. Оқырман қауым осыны ұмытпаса екен. Байқандаршы, адамдар!

**Ақтоты ЖУМАБЕКОВА,**  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1-курс студенті



**СПОРТТАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ**

Қазақ халқы қашанда қыздарды, әйелдерді жоғары бағалаған. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін әйелдер кез келген іске епті болып келетіні жасырын емес. Спорт саласында да атой салып жүрген арулар бар. Солардың бірі – Раушан Қойшыбаева. Раушан Қойшыбаева 1966 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1990 жылы аяқ астынан теміржол апатына ұшырап, жүре алмай қалады. Дегенмен ол тағдырдың сынағына мойымай, қажырлы еңбегінің арқасында аяғына тік тұрып кете алды.

Спорт жолын 2010 жылы бастаған ару 2012 жылы парапауэрлифтинг бойынша Қазақстан чемпионатында Қазақстанның спорт шебері атағын иемденсе, 2013 жылы Халықаралық спорт шебері атағын алды. 2013 жылы Дубайда өткен әлем чемпионатында 13 орын, 2014 жылы Инчхондағы Азия Пара ойындарында 6 орын иеленді. Осындай қажықтың жергілікті қыздарының болсын өмірге деген құлшынысын арттыратыны анық.

Батыл қыздарымыздың қатарында Жазира Жаппарқұл да бар. Ол 1993 жылы 22 желтоқсанда Түркістан облысының Арыс қаласында дүниеге келген. Зілтемірші ару әлем чемпионаттарының екі дүркін үміс жүлдегері, 2010 жылғы жасөспірімдер арасында Олимпиада чемпионы, 2016 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарының күміс негері.

Әлем мойындаған спортшы қыздардың бірі – Назым Қызылбай. Ол 1993 жылы Алматы облысының Жетіген ауылында дүниеге келген. Бұлғары

қолғап шебері 2014 жылы Оңтүстік Кореяда болған турнирде Әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Сондай-ақ Қытайдағы турнирде III орын иеленсе, Қазақстан чемпионатында үш рет алтын медальді жеңіп алған. 2016 жылы Астанада өткен әлемдік турнирде бірінші орын иеленген боксшы ару – әйелдер арасындағы бокстан екі дүркін Әлем чемпионы.

Бокспен айналысатын арулардың бірі – Әсөл Сағатова. Ол 2002 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Бокспен 14 жасынан бастап шұғылдандатын ол айтулы спорт түріне келгеніне бір жыл болмастан 2017 жылы Қарағанды қаласында өткен А.И.Апачинский және В.Р.Тулов жұлделеріне арналған республикалық турнирде II орынға ие болған. Қазіргі таңда 3 дүркін Қазақстан чемпионы. Осы жүлдесі арқылы бокстан «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағына қол жеткізді.

Біздің қыздар ақылдылар ойынынан да дес бермеген. Жанася Әбдімәлік 2000 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. Қазақ шахматшысы қызы, он төрт жасында әйел гроссмейстер атанған. 2012 жылғы жастар әлем чемпионатының күміс жүлдегері. 2011 жылғы 20 жасқа дейінгі санатта Азия чемпионатында II орын көрсетті. Жанася қыз балалар арасында екі дүркін чемпион атанған.

Шахматшы қыздардың бірі – Динара Сәдуақасова. Ол 1996 жылы 31 қазанда Астана қаласында дүниеге келген. Динара Сәдуақасова қазақ-

стандық шахматшы, әйелдер арасында халықаралық гроссмейстер. Қазақстанның әйелдер арасында ең жас гроссмейстері. 2010 жылы 14 жасқа дейінгі қыздар арасында әлем чемпионы, 2014 жылы 18 жасқа дейінгі қыздар арасында әлем чемпионы, 2015 жылы Әйелдер арасында Орталық Азия чемпионы. 2016 жылы 20 жасқа дейінгі қыздар арасында әлем чемпионы атанған. «Жастар-2011» жастар сыйлығын «Жылдың жас спортшысы» байқауын жеңіп алды, «Интеллектуальная нация – 2011» форумның спикері, 2013 жылғы «SportReview» журналына сәйкес үздік спортшы атанды, «Караван» газеті бойынша 2014 жылдың үздік спортшысы деп танылды. Негізінде, әйелдер ақылмен озық, жүрегімен батыл, істе өжет келеді. Осындай батыл, өжет, ақылды қыздарымыз қазақ еліне әлемге танытып жүргеніне қуанамыз!

Қазақстанның атакты волейболшысы – Сабина Алтынбекова өзінің сұлулығымен, жігерлігімен әлемге танылған. Тіпті, Азия чемпионатына қатысқан ең сүйкімді волейболшы атанған. Қыздар арасынан білегі мықты палуандар да шыққан. Гүлмарал Еркебаева 1995 жылы 2 қарашада дүниеге келген. Қазақстандық палуан, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері. 2012 жылы 70 келі салмақта Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Жасөспірімдер арасында екі рет Азия чемпионатының қола жүлдегері болды. Кәсіби спортшы Әйгерім Әбілқалдрова. Ол 1996 жылы Ақмола қаласында дүниеге келген. 2018 жылы Қазақстанның грэпплингтен тұңғыш және жалғыз әлем чемпионы, 2011 жылы Дюдодан Азия чемпионы, 2008-2018 жылдары Қазақстан Республикасының 11 дүркін чемпионы. Бірқатар халықаралық турнирлердің жеңімпазы және жүлдегері.

Әльмира Сыздықова 1992 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Спортшы ару Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, еркін күрешші, 2016 жылғы Жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегері, Азия чемпионаттарының және көптеген халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы. Қазіргі уақытта әлемдік рейтингте төртінші орында.

Бір мақаламен спорттағы қазақ қыздарын түгелдеу мүмкін емес. Спорттағы қазақ қыздары өжеттілігімен, бауырлылығымен, ақылдылығымен, сұлулығын қатар ала жүріп, жетістіктерге жете білген. Ендігі кезекте еліміздің атынан қатысып, Олимпиада чемпионы атанған қазақ қыздарының саны көбейсе екен деп армандаймыз.

**Нұрай АРМАНҚЫЗЫ,**  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1-курс студенті

**ТІЛДІ ҚҰРМЕТТЕНГЕНІҢ – ЕЛДІ ҚАДІРЛЕГЕНІҢ**

Тіл – ең ұлы қару. Тіл – асыл құндылық. Тіл – ең керемет қатынас құралы. Әлемдегі ең көп таралған тіл – ағылшын тілі. Себебі оның таралу және қолдану аясы кең. Ал ең сұлу тіл деп француз тілін атайды. Дегенмен осы қатарға өзміздің қазақ тілін де қосуға болады. Неге?

Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше. Оның біпестігі біпиретің, жетпестігі жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз онык жегізіп, өмір бойы өзегіңді өртеге, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткізеді. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы – отбасында ана тілінде сөйлеп, сол тілде қуаныш пен ренішімізді бөлісіп отыруымыз қажет. Ақын Оразакын Асқар «Тәуелсіздік тартулары» жинағына енген өлеңінде: Көрінесің көзге шыққан сүйейдей, Сұрақтар да шаншу болып тиер кей. Құттықтайсың барлық тілді білсең де, Өз тілінің көмегіне сүйейбей...

Ана тілде ата-баба сыр бар, Аудармадан түп нұсқадай кім ұғар. Өсе келе құстың тілін білсең де, Ана тілісіз оның қандай құны бар, – деген өлең жолдарында өз тілін өзге тілді үйренуге басты тірек екені баяндалған. Ана тілі – бұл әкеңнің тілі, туған халықтың тілі.


«Ана тілі – арың бұл, Уятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тілінді құрметте», – деп ақын Қадір Мырза

Әлі жиырағандай өз ана тілімізді құрметтеуіміз керек. «Тілден асқан байлық жоқ» тон-торқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылды, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық.

Тіл өлең, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін сонғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөл ойнауы мүмкін. Мәселен, кезіндегі орхон, руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше сіздің де тіл өлмесе, ертеңгі ұрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз.

Өз тіліңізді сүйе отырып, өзге тілге құрмет білдіріңіз. Тілісіз тірлігіңіз өрге басалы десеніз, қателесесіз. Себебі тілге құрмет – бар бақыттың бастауы.

**Аяжан МАХАМБЕТӨЛІ,**  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1-курс студенті



Меншік нөсі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

**Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан мәдениеті, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 431018.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілгендігі. Жарнама мәтіндінің жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басалды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көпесі 4 А. Тараалымы 2961 Тапсырыс №872. Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НУРАЗҒАЛИ